

Базарбеков Бакберди Мураталиевичтің «Қазақ топонимдері мен этномәдени атауларының когнитивтік сипаты (Ақселеу Сейдімбек шығармалары бойынша)» атты 8D02310-Филология білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясына ресми рецензенттің жазбаша

П І К І Р І

p/c №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін атап өту керек)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Ізденуші Базарбеков Бакберди Мураталиевичтің Қазақ топонимдері мен этномәдени атауларының когнитивтік сипаты» (Ақселеу Сейдімбек шығармалары бойынша) тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы лингвистиканың антропоэлекті, ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді.</p> <p>Диссертация жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасының білім мен ғылымды дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған «Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобасында (ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазанындағы №726 Қаулысы), қойылған міндет «Қазақстандық ЖОО-ның бәсекеге қабілеттілігін арттыру» атты міндетіне толықтай сәйкес келеді.</p> <p>Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021-2023 жылдарға арналған келесі ғылым дамуының басым бағытына сәйкес:</p> <ul style="list-style-type: none"> - «Білім беру мен ғылым саласындағы зерттеулер» - Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер; <p>Ғылыми жұмыс ғылымның және білім берудің негізгі трендтеріне сәйкес әзірленген.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның	Жұмыс ғылымның дамуына елеулі үлес қосады. Атап айтқанда, А.Сейдімбек шығармаларының өзегі болып табылатын мәдени,

		маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	рухани мәнділік пен құндылыққа ие топонимдерді этностың ішкі және айнала қоршаған болмысы жайлы ғасырдан ғасырға жинақталған білім тәжірибелерінің қоры ретінде арнайы зерттелген. Қазақ топонимдері мен этномәдени атауларының когнитивтік сипаты мен табиғатын «Ұлы Дала – қазақ әлемі – ұлттық сана – этномәдени пайымдау» жиынтығында сабақтастықта зерттеу қазіргі кезеңдегі тіл білімінің негізгі критерилерінің бірі. Ұлттық мүдге негізделген таным мен түсінікті жеке топонимикалық бірліктер арқылы айшықтап суреттейтін дүниенің тілдік бейнесін кең когнитивтік жүйесін кешенді зерттеу арқылы тіл білімінің топонимика, микротопонимика, топонимжасам, аймақтық топонимика, этнолингвистика, тарихи-лингвистика, лексика, семантика салаларының дамуына септігін тигізеді. Жұмыс маңыздылығы ашылған: тақырып өзектілігі, жаңашылдығы еңбектің теориялық және тәжірибелік мәні жан-жақты көрсетілген.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмыс зерттеуші өзі жеке дара, жоғары деңгейде жазып шыққан толыққанды зерттеу болып табылады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі А.Сейдімбектің ғылыми еңбектерінің бүгінгі таңда жаңа антропоөзектік парадигмада зерттелуі когнитивтік лингвистика мен лингвоконцептология арналарында қарастырылған топонимдер мен этномәдени атаулар ұлттық рухани әлемді суреттейтін ерекше құрылым. Әлемді тіл арқылы танудағы орны мен маңызына орай тілдік бірліктердің когнитивтік және этномәдени сипаттарын айқындау жүйесі тұрғысынан зерттеу арқылы топонимика ғылымының дауына елеулі үлес қосумен негізделеді.

		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>айқындайды</u>; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды 	<p>Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды. Диссертациялық жұмыс барысында А.Сейдімбек шығармалары бойынша қазақ топонимдері мен этномәдени атауларының когнитивтік сипаты зерттеліп, жасалған тұжырымдар нақты дәйектер негізінде анық, әрі ғылыми тілде көрсетілген.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>Диссертациялық жұмыс алға қойылған мақсаттар мен міндеттерден туындайтын теориялық алғышарттар негізінде құрылған, осы негізде зерттеудің басты қағидаттары жүйелі түрде анықталып тұжырымдаған. Жұмыс мақсат-міндеттері толықтай тақырыпқа сәйкес келеді, яғни жұмыстың негізгі мақсаты – ғалым-қаламгер А. Сейдімбек танымындағы топонимикалық концептілерді дүниенің тілдік бейнесіндегі этномәдени ерекшеліктер ретінде қарастырылып, көшпелілер әлемінің «ұлт – сана – тіл» тұтастығындағы орны анықталған. Сондай-ақ ұлттық-мәдени кеңістіктегі топонимдердің прецеденттік сипаты; «Сарыарқа» топонимінің концептілік тұрғыдан модельденуінің негізгі ерекшеліктері мен когнитивтік болмысы; Спелеонимдердің ұлт танымында қабылдануы барлық уақытта тарихи-мәдени қауымдастыққа тән дүниетанымдық ассоциация жүйесінде жүріп отырады. Сол себепті де қазақ даласындағы спелеонимдердің жолаушыға жол сілтер белгі ғана емес, ең алдымен халық талғамының айғағы, сол халықтың ең қастерлі ескерткіштерінің бірі және табиғат туралы таным-түсініктің аясына сол табиғи ортаның ғасырлар бойғы сырлы атауларын сақталуына, өрісіне танымдық бірлікте талдау жасалған. Қазақ топонимдерінің аңыздарда, фольклорларда, көркем мәтіндеріндегі қолдану ерекшеліктеріне, некронимдердің тарихи-мәдени көріністеріне дәйектік сипаттама берілген. Сонымен қатар А.Сейдімбектің «уақыт пен кеңістікті» этномәдени тұрғыдан концептуалдауының наным-сенімдерге, аң аулауға байланысты эстетикалық талғамдарға, мал шаруашылығының ерекшеліктеріне, мифтік</p>

		танымдарға, қазақтың дәстүрлі өнері мен мәдениетіне, фольклоры мен этнографиясына байланысты түрлі когнитивтік ақпараттар бар екені талданып, дәлелденген. Және материалдық мәдениеттің символдық мәнін анықтау және моральдық-этикалық қалыптардың репрезенттелуі тұрғысынан <u>тақырыпқа сәйкес</u> кешенді зерттеу жұмысы өн бойында жүзеге асырылған.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толықтай өзара байланысқан</u> ; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық бөлімдері мен негізгі тұжырымдары бір-бірімен толықтай байланыста құрылған. Жасалған ғылыми анықтамалар өзіндік ішкі сипатының бірлігімен және логикалық бірізділік тұрғысынан өзара үйлесімділікті көрсетеді. Мысалы, Зерттеу жұмысының «А.Сейдімбек шығармаларындағы топонимдерді когнитивтік бағытта зерттеу» деп аталатын бірінші тарауында ұлттық-мәдени кеңістіктегі топонимдерінің прецеденттік сипаты, спелеонимдер, топонимиялық аңыз-әңгімелердегі некронимдердің когнитивтік бағыттағы лингвомәдени, концептілік аясы қарастырылады. «А.Сейдімбектің этномәдени атауларды зерттеудің тілдік тұлғасы» деп аталатын екінші тарауда көшпелілер әлемінің этномәдени ерекшеліктері, «уақыт пен кеңістікті» этномәдени тұрғыдан категориялау мен концептуалдануы, материалдық мәдениеттің когнитивтік модель ретіндегі символдық мәні, моральдық-этикалық қалыптардың репрезенттелу сипаты қарастырылған.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	Диссертациялық жұмыста автор А.Сейдімбек шығармалары бойынша қазақ топонимдері мен этномәдени атауларының когнитивтік сипатын, орнын бұрыннан белгілі ғылыми тұжырымдар және пікірлермен салыстыра отырып, бағалаған. Сыни талдаудың бар екендігіне ғылыми бағыттарға талдамалы шолулардың тыңғылықты түрде жасалып, топонимдер мен этномәдени атауларының когнитивтік сипаты жайлы топонимист ғалымдардың пікірлерінің ұсынылуы негіз бола алады. Таңдалған

		4) талдау жоқ.	тақырыпты бір ғана бағытта ғана емес, пәнаралық негізде қарастыра отырып, жүйелі түрде қарастыру орын алған. Мәселен, ғылыми тұжырымдар мен қажетті ұсыныстар айту барысында лингвистика, тарих, география, этнография, әдебиеттану ғылымындағы зерттеушілердің теориялары мен әдістемелеріне сүйене отырып, талдаулар жасалған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	1) Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа. Диссертациялық жұмысты жазу барысында зерттеу нысанына алынған А.Сейдімбек еңбектеріндегі топонимдер мен этномәдени атаулар алғаш рет когнитивтік лингвистика мен лингвоконцептология тұрғысынан зерттелген. Ұлттық топонимдік кеңістіктегі атаулар когнитивтік базаның білімдер жүйесін құраушы, сақтаушы, таратушы құрылым ретінде ғалым еңбектері негізінде алғаш рет кешендік сипатта қарастырылғандықтан, тың нәтижелерге қол жеткізіліп отыр.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	1) Диссертациялық жұмыстың қорытындылары жаңа болып табылады. Себебі: - А.Сейдімбек шығармалары бойынша қазақ топонимдері мен этномәдени атауларының когнитивтік сипаты негізінде лингвомәдени жүйе қалыптастырылған; - А.Сейдімбек шығармалары бойынша қазақ топонимдері мен этномәдени атауларының ғаламдық бейне мен халықтық таным тұрғысынан таныту топонимдерді зерттеудің жаңаша қырын танытады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстың технологиялық шешімдері жартылай жаңа және негізделген.

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық жұмыстың негізгі қорытындылары ғылыми көзқарас тұрғысынан алғанда салмақты да шынайы деректерге негізделген. Сонымен қатар ғылыми тұрғыдан дәйектелген. Барлық тұжырымдар негізі зерттеу нысанына алынған тақырыпқа қатысты кешенді де жүйелі ғылыми еңбектер мен қағидаттардан бастау алады және жүйелеу, түйіндеу, салыстырмалы талдаулар негізінде жасалған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; 3) кең; 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану 	<ol style="list-style-type: none"> 1) Диссертациялық жұмыстың әр қағидаты дәлелденген. Ономастиканың маңызды бір саласы топонимдер аймақтың ондаған ғасырлар бойы қалыптасқан табиғат жағдайларын, сол аймақты мекен еткен халықтың ежелгі және жаңа тарихын бойына сіңіріп, сақтап келген ұлттың рухани және материалдық мәдениетінен көрініс беретін жалқы есімдер кешені болып саналады. Топонимдер белгілі бір аймақта адамдардың ұзақ уақыт тұрақтануы негізінде қалыптасқан нысан атаулары ретінде өзіндік құрылымдық және лингвомәдени ерекшеліктерге ие. Мұндай ерекшеліктерді тану лингвистика топонимдерінің теориялық және тәжірбиелік сипатындағы маңызы мен қажеттілігін танытады. 2) Диссертациялық жұмыстың қағидаты тривиалды болып табылмайды. 3) Диссертациялық жұмыстың мазмұнын толық жаңа деп есептеуге болады. Себебі жұмыстың антиплагиат жүйесіндегі көрсеткіші 94,22%-ды құрайды. 4) Диссертациялық жұмыстың қолдану деңгейі кең. Себебі: жалпы топонимдер тіл, әдебиет, тарих, мәдениет, этнография, география ғылымдарының тоғысында қарастырылатын бірліктер болғандықтан, оларды зерттеу, топтастыру, мазмұндық ерекшеліктерін анықтау, географиялық орналасу жүйесін анықтау сипатына орай қолданылу деңгейі кең болып келеді. 5) Диссертациялық жұмыстың тұжырымдары мен нәтижелері ҚР ҒЖБССҚК ұсынған отандық басылымдарда жарияланған.

		деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	Халықаралық ғылыми тәжірибелік конференция материалдары жинағында жарияланған 4 баяндама және 4 халықаралық рецензияланатын басылымда, жалпы ғылыми басылымда жарияланған мақалада дәлелденген.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыста әдіснама нақты таңдалған. Зерттеу жұмысының әдістері мазмұнға сай, дәйекті қолданылған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып өңделген.
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыста теориялық пайымдаулар, тұжырымдар мен заңдылықтар арнайы зерттеулер негізінде дәлелденіп, нақтыланған. Диссертацияның нәтижелерінің негізділігі мен дәйектілігі тақырыптың терең пайымдауға құрылған талдаулар әдістемесі негізінде жасалған.

		Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Диссертацияда маңызды тұжырымдар мен пайымдаулар өзекті және дәйекті ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып, оларды басшылыққа алу негізінде жасалған. Жұмыста белгілі тілші, топонимист, лингвомәдениеттанушы ғалымдардың 115-тен астам отандық және шетелдік авторлардың еңбектерінен тұратын пайдаланылған әдебиеттер тізімі беріліп, сілтемелері расталды.
		Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі толыққанды әрі жан-жақты әдеби шолу жасауға жеткілікті.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар және жоғары. Ұлттық жалқы атаулар жүйесі, әсіресе, топонимдер қоғамда болып жатқан саяси-әлеуметтік өзгерістердің бірден-бір көрсеткіші. А.Сейдімбек шығармалары бойынша қазақ топонимдері мен этномәдени атауларына когнитивтік лингвистикалық, лингвоконцептологиялық, моделдік, лингвомәдениеттанымдық, семиотикалық сипаттамалар беріліп, сол сияқты автор мәтіндерінен моральдық-этикалық қалыптардың репрезенттелу элементтері мен тәсілдері лингвистикалық тұрғыдан талданып, олардың тіл, ұлттық мәдениет, ұлттық әдебиет, ұлттық тарихпен байланысын қарастыру үлкен әлеуметтік-гуманитарлық сипаттағы басты маңыз болып табылады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	1) Диссертацияда кешенді түрде қамтылған мәселелер, ондағы жинақталған деректік мәліметтер, зерттеу жұмысындағы қорытындылармен ұсыныстар жоғары оқу орындарында арнайы оқытылатын ономастика, топонимика, этнолингвистика, лексикология және лингвомәдениеттану пәндері бойынша оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеуде, теориялық курстар мен


			арнайы семинарлар ұйымдастыруда, сонымен қатар лексикографиялық тәжірибе жүргізуде қолдануға мүмкіндік береді және жұмыстың практикалық маңызы жақты екеніне дәлел болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыста айтылған практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Зерттеу қорытындыларын практика жүзінде ЖОО-ларда дәріс материалы, топонимикалық жүйені салыстырмалы талдаулар кезінде сенімді ақпарат көзі ретінде пайдалануға болады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары, бұл сөзімізге келтірілген деректердің жүйелі негізде қарастырыла отырып, ғылыми тұжырымдар мен пайымдаулардың сауатты тілде жазылуына себеп болғаны дәлел. Сонымен қатар автордың жасаған тұжырымдары анық әрі түсінікті түрде берілген.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияда кейбір әріп, техникалық қателер кездеседі.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу		Диссертация мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі тиісті талаптарға сай орындалып, ҚР ҒЖБССҚК ұсынған отандық басылымдарда жарияланған. 1. «Ұлттық мәдени кеңістіктегі ұлы даланың топонимдерінің прецеденттік сипаты». «QAZAQTANY» Республикалық ғылыми журнал.-Шымкент 2022ж. №1(13) 03/2022. 2.«А.Сейдімбек шығармаларындағы дүниенің (ғаламның) топонимиялық бейнесі». «Әуезов оқулары-20: М.Әуезов мұрасы – ұлт қазынасы» М.О.Әуезовтің 125-жылдығына арналған халықаралық ғылымтәжірибелік конференция еңбектері Шымкент

<p>тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>		<p>2022ж.</p> <p>3.«А.Сейдімбек дүниетанымындағы «ұлы дала кеңістігінің» концептілік парадигмасы». Ф.ғ.д., профессор Т.Сайрамбаевтың 85ж. арналған «Қазақ тілі грамматикасының қазіргі зерттеу парадигмалары және оқытудың инновациялық технологиялары» атты халықаралық-әдістемелік конференция материалдары Алматы,8-9 сәуір 2022ж.</p> <p>4.«Дүниенің (ғаламның) топонимиялық бейнесі (А.Сейдімбек шығармалары негізінде)». Ф.ғ.д., профессор Т.Жанұзақтың 95 жасқа толған мерейтойына орай ұйымдастырылған «Ұлттық ономастика феномені: ел тарихы, жер тағдыры» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдар жинағы. Алматы, 2022ж.</p> <p>5.«Қазақ топонимиялық концептілердің аңыз әңгімелеріндегі кумулятивтік қызметі». «Әуезов оқулары-21: Жаңа Қазақстан – Еліміздің болашағы» М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің 80 жылдығына арналған арналған халықаралық ғылыми– тәжірибелік конференция еңбектері– Шымкент: М.Әуезов ат. ОҚУ, том1. 2023ж.</p> <p>6.«А.Сейдімбек еңбектеріндегі моральдық-этикалық қалыптардың репрезенттелу ерекшеліктері». А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Тілтаным» журналы. – 2024. – №1. (93) doi.org/10.55491/2411-6076-2024-1-98-108.</p> <p>7.«Exploring the Linguistic and Conceptual Landscape: The Case of the Toponym ‘Saryarka’ in Kazakh Cultural Discourse». International Journal of Society, Culture and Language March 2024. 12.(1) pp 353-361 DOI: 10.22034/ijscsl.2024.2018478.3310.</p> <p>8.«А.Сейдімбек шығармаларындағы спелеонимдердің мифонимиялық және фольклорлық бейнесі». Ясауи университетінің ХАБАРШЫСЫ ғылыми журналы №2 (132), 2024 – (130-139б.), //doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.49 атты мақалалар жарияланған.</p>
--	--	---

13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	«Қазақ топонимдері мен этномәдени атауларының когнитивтік сипаты (Ақселеу Сейдімбек шығармалары бойынша)» тақырыбындағы диссертациясы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Дәрежелер беру қағидаларының» талаптарына сай келеді. Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, Базарбеков Бакберди Мураталиевичті философия докторы (PhD) дәрежесіне лайықты деп есептейміз.
-----	---	---

Ресми рецензент:

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті,
Филология және әлеуметтік ғылымдар факультеті,
Журналистика және филология кафедрасының
қауымдастырылған профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты



Куламанова Зиба Абдулкасымы

